

**ҚР Парламентінде 2014 жылғы 7 сәуірде
ҚР Мұнай және газ министрі сөйлейтін сөзінің
тезистері**

**Құрметті төраға!
Құрметті депутаттар!**

2-слайд

Өткен жылдың қорытындысы бойынша қысқаша ақпаратты, сондай-ақ Елбасының және Үкіметтің тапсырмаларына сәйкес негізгі жобалар мен міндеттер бойынша қалыптасқан ахуалды баяндауға рұқсат етіңіздер.

Өздеріңізге мәлім, Қазақстанның мұнай-газ кешені жер қойнауын пайдалануды, көмірсутектерді өндіруді, тасымалдауды, өңдеуді, сервистік қызмет көрсетуді қамтиды және **Қазақстанның үдемелі әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды рөл атқарады**. Жедел мәліметтер бойынша, 2013 жылы еліміздің Жалпы ішкі өнімінде (ІЖӨ) мұнай-газ саласының үлесі шамамен 24%, Ұлттық қорда - 99%, республиканың экспортында - 76%, Қазақстан экономикасына тікелей шетел инвестициясының көлемінде - 24%-ды құрады.

3-слайд

Осыны түсіне отырып, Мұнай және газ министрлігі, Үкімет бекіткен индикативтік көрсеткіштердің сөзсіз орындалуын қамтамасыз етілуіне талпынуда.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша **саланың барлық негізгі көрсеткіштері 2012 жылдың деңгейінен асып тұр**.

Мәселен, елімізде мұнай өндіруде жаңа рекордтық деңгейге қол жеткізілді – 81,8 млн. тонна, ол 2012 жылғы көрсеткіштен 3,3%-ға жоғары. Бұл ретте мұнай экспорты алғашқы рет 72 млн. тоннадан астам көлемді құрады.

Алғашқы рет газ өндіруде «меже» 42 млрд. текше метрге жетті. Сонымен қатар, тауарлық газ өндірісі 22,8 млрд. текше метрді, сұйытылған мұнай газ өндірісі 2,5 млн. тоннаны құрады.

Мұнай өңдеу 14,3 млн. тоннаға жетті. Газ транзиті – 99 млрд. текше метрді құрады.

Бұның барлығы сала үшін де, республиканың экономикасы үшін де жаңа бағыттар. Ағымдағы жылы да көпшілік көрсеткіштер бойынша амбициялық жоспарлар тұр.

4-слайд

Саланың міндеттерін іске асыру бағытында **бірқатар ірі жобаларды орындау** көзделген.

Мұнай өндіруде – бұл Теңіз, Қарашығанақ және Қашаған кен орындарындағы жұмыстар.

2013 жылы **Теңіз бойынша** мұнай өндіруде рекордтық көрсеткішке қол жеткізілді – 27 млн. тонна. Жоба Шеврон, ЭксонМобил, Лукарко және ҚазМұнайГаз компанияларымен іске асырылуда.

Жобаны іске асырудағы 20 жыл ішінде еліміздің бюджетіне түскен төлемдер 61 миллиард доллардан асты. Оның ішінде, 2013 жылы – 11 млрд. доллардан астам. Жоба басталғаннан бері ҚМГ дивиденттері 9 млрд. долларға жетті.

Өткен жылдың күзінде еліміздің Үкіметі мен ТШО арасында Келешекте кеңейту жобасы бойынша меморандумға қол қойылды. Бұл қазақстандық экономика үшін өте маңызды құжат деп есептейміз, себебі ол:

- ✓ Жоба бойынша мұнай өндіруді жылына 38 млн. тоннаға дейін өсуіне,
- ✓ Шамамен 20 мың жаңа жұмыс орнын ашуға,
- ✓ Метал құрылманың қазақстандық секторын дамытуға,
- ✓ Атыраудағы газ-химиялық кешенді шикізатпен қамтамасыз етуге,
- ✓ Және басқа да уағдаластықтарға мүмкіндік туғызады.

Бірінші жартыжылдықта келешекте кеңейту эскиздік жобасын бекіту аяқталады және оны іске асыру басталады.

5-слайд

Қарашығанақ жобасы БритишГаз, Эни, Шеврон, Лукойл және ҚазМұнайГаз компанияларымен іске асырылады.

2013 жылы 12 млн. тонна сұйық көмірсутегі және 17 млрд. текше метрден астам газ өндірілді. Ағымдағы игеру фазасында қол жеткен өндіру деңгейін жақын арадағы жылдары да ұстау жоспарлануда. Жоба тарихының 15 жылы ішінде бюджетке түскен төлемдер 12 млрд. доллар шамасында, Қазақстан үшін пайдалы шикізат – 6 млрд. доллардан астамды құрады.

Бүгінгі күнде ұзақ мерзімді перспективалар бойынша шешім әзірлеу, яғни Келешекте Кеңейту Жобасын іске асыру нұсқаларын белгілеу және жобалауды ұйымдастыру жұмыстары жоспарлануда.

2022 жылы жобаны іске асыру үшін бұл процесс 2017 жылы аяқталады деп ойлаймыз.

6-слайд

Қашаған жобасы Қазақстанда зор резонанс туғызады. Оның қатысушылары: Шелл, Тоталь, ЭксонМобил, Инпекс, ҚазМұнайГаз компаниялары екенін білесіздер. Өткен жылы КонокоФилипстің орнына қытайлық CNPC қосылған болатын.

Бұл алып жоба қорының көлемі бойынша 2 млрд. тоннадан астам. Сонымен қатар, өзінің техника, технологиялық қиындықтары бойынша да бірегей екенін бірден атап өткім келеді. Әлемдік мұнай қоғамдастығында біздің Қашағанмен тек бразилиялық тереңдегі Тупи кен орнын салыстырады. Оның қоры бізге жақын. Мамандардың пікірі бойынша ол шамамен 200 млрд. доллар шығынды талап етеді. Ал кейбір бағалау бойынша шығыны одан да мол болады деп айтылады.

Сол себептен Қашаған жобасын іске асыру үшін өз кезінде жетекші әлемдік мұнай компаниялары тартылған болатын. Алайда, жобаның ерекшелігі салдарынан, салалық көшбасшылардың қатысуы да кең ауқымды машақаттардан «дауа» бола алмады. Өндіру сатысы бірнеше рет кейінге жылжытылғаны және тек өткен жылдың күзінде ғана басталғаны өздеріңізге мәлім.

Қазіргі таңда құбыр инфрақұрылымында кейбір проблемалар анықталды. Болашақта бұндай ахуалдарды толық жою мақсатында 2 мыңнан астам дәнекерленген жік тексерілді, 6 мың метрден астам құбырға ультрадыбыс диагностикасы жүргізілді. Алынған мәліметтер мамандандырылған шетелдік зертханаларда анықталды. Сәуір айында құбырдың теңіз бөлігіндегі 25 нүктесінде зерттеу жүргізу жоспарлануда. Айтылған барлық бұл операцияларды жүзеге асыру үшін ұзақ мезгіл керек болып отыр. Қазір бұл процесс жалғастырылуда.

Кен орнында мұнай ойдағыдай мөлшерде өндірілетінін өткен жылдың күзі көрсетті. Ұңғымалар қалыпты жұмыс істеуде және тұтастай алғанда, ауқымды кешеннің жұмыс істеп тұрғанына да көзіміз жетті. Құбырлардағы жекелеген ақаулар тұтас жүйеге әсер етпеуге тиіс деп ойлаймыз. Кен орынның қиын және қауіпті екенін ескере отырып, бұнда асығыстық жасау орынсыз деп ойлаймыз. Сондықтан жобаның жұмыс істеудегі барлық аспектілерін оңтайландыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

7-слайд

Әлемдегі мұнай өндірісінің тәжірибесі **көлік бағыттарының жан-жақты болуының** маңызды екенін көрсетеді.

Қазақстан әлемнің 30 еліне мұнай жөнелтеді. 2013 жылғы мәліметтер бойынша экспорттың ең көп көлемі Италияға (27%), Қытайға (17%), Нидерландыға (13%), Францияға (9%) және Австрияға (7%) жіберілді.

Бұл ретте, өткен жылы тасымалдау:

КТК бойынша 28,7 млн. тоннаны (экспорттың жалпы көлемінен 40%-ға жуығы);

Атырау-Самара бағыты бойынша – 15,4 млн. тоннаны (21%);

Атасу-Алашанькоу – 11,8 млн. тоннаны (17%) құрады.

Ақтау порты арқылы 6,3 млн. тонна мұнай (9%), Орынбор газ өндіру зауытына 856 мың. тонна конденсат (1% жуық) жөнелтілді.

Тағы 9 млн. тонна темір жолмен жөнелтілді (12%).

8-слайд

Өткен жылғы маңызды оқиғаның бірі **Атасу-Алашанькоу** бағытын 20 млн. тоннаға дейін кеңейту болды, ол учаскенің экспорттық қуатын екі есеге арттыруға мүмкіндік береді.

Осындай іс-шаралар «Қазақстан-Қытай» магистральді мұнай құбырының басқа да учаскелері: Атырау-Кеңқияқ, Кеңқияқ-Құмкол, Құмкол-Атасу, сондай-ақ КТК жобасының қуатын ұлғайту бойынша жүргізілетін болады.

Бұл құбылмалы әлемдік мұнай-газ нарығына уақтылы ден қоюға, сондай-ақ Павлодар мұнай өндіру зауытын отандық шикізатпен қамтамасыз ету мүмкіндігін кеңейтуге жағдай туғызады.

9-слайд

Өткен жылы «**Бейнеу-Бозой-Шымкент**» газ құбырының бірінші кезеңі - «Бозой-Шымкент» учаскесі іске қосылды. Бүгінгі таңда, көлемі жылына 2,5 млрд. текше метрге дейін жобалық қуатына қол жеткізілді. Одан әрі компрессорлық станциялар құрылысын қосқанда газ құбырының қуатын жылына 10 млрд. текше метрге дейін кезең-кезеңмен ұлғайту жоспарланған. Нәтижесінде осы жобаны іске асыру еліміздің оңтүстігіндегі аймақтарды газбен қамтамасыз етуге және 500-ден аса елді-мекендерді газдандыруға мүмкіндік бермек.

Сонымен бірге, ББШ жобасының бірінші кезеңі қыс уақытында оңтүстікте қалыптасқан іркілісті жоюға мүмкіндік берді.

Ағымдағы жылдың соңына дейін, «Бозой-Бейнеу» учаскесінде, қашықтығы 311 км құбырды салу аяқталатын болады. Ал 2015 жылы «Бозой» және «Қараөзек» атты компрессорлық станциялардың құрылысы аяқталатын болады.

10-слайд

Орта мерзімді перспективада саланың маңызды мультипликативті нәтижесі Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасына енген жобалар тобын іске асыру кезінде жоспарлануда.

Өткен жылы Ақтауда Қазақстанның автожол құрылысының артып келе жатқан қажеттіліктерін қамтамасыз етуге мүмкіндік

беретін **Битум зауыты** іске қосылды. Жобаның құны – 290 млн. долларды құрады, өндіріс көлемі жылына – 400 мың тоннадан аса битум және басқа да фракция.

Қазірдің өзінде Қаражанбас мұнайын өңдеу жұмыстары жүргізілуде. Көлік министрлігімен өнімді жеткізу мәселелері пысықталуда.

Атырау облысындағы **Интеграцияланған газ-химия кешені жобасы бойынша** жұмыс жалғасуда. Бірінші фазаны (полипропилен) іске асыру екі бағытта жүргізілуде – инфрақұрылым және өндірістік объектілер. Жоба кестеге сәйкес жүзеге асырылуда және министрліктің тұрақты бақылауында тұр.

11-слайд

Жоспарға сәйкес **қазақстандық мұнай өндіру зауыттарын жаңғырту жұмыстары** жалғасуда.

Мәселен, Атыраудағы хош иісті көмірсутек кешені бойынша 2013 жылы негізгі технологиялық жабдықтардың 100% жеткізілді және құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде. Жобаны іске қосу екінші жартыжылдықта күтілуде.

2016 жылы іске асырылуы тиіс Терең өңдеу кешені бойынша, қазіргі уақытта құрамында «Синопек Инжиниринг», «Марубени» және «КазСтройСервис» бар консорциум ЕРС-келісімшарты бойынша жұмыстарын бастады.

12-слайд

Павлодар мұнай-химия зауытын жаңғырту жобасы бойынша Rominerv компаниясымен жұмыстың бірінші сатысына келісімшарт жасалып, жобаны қаржыландыруды ұйымдастыру жүргізілуде.

Шымкент мұнай өндіру зауыты бойынша жобаны жедел іске асыру және инвестициялық сатыға өту стратегиясы мақұлданды. Бас мердігерді таңдау және қаржыландыру схемасы бойынша шешім қабылданып, тиісті құрылыс жұмыстары басталды.

13-слайд

Құрметті депутаттар!

17 қаңтардағы Мемлекет Басшысының Жолдауында мұнай-газ саласына қатысты бірқатар маңызды тапсырмалар айтылды.

Олардың барлығы 2014 жылы министрліктің бірінші кезектегі іс-шаралары мен ортамерзімді перспективадағы стратегиялық жоспарының негізіне енгізілді.

Акценттер мынадай жеті бағытта жасалатын болмақ:

- Жер қойнауын пайдалану саясатын жетілдіру;
- Мұнай өндірудің прагматикалық сценариін іске асыру;
- Газ саласындағы әлемдік бағыттарға сәйкес келу;
- Тасымалдау жобаларын жоспарлы түрде іске асыру;
- Мұнай өнімдерінің ішкі нарығын белсенді дамыту;
- Жоғары құнды өнім шығаратын жаңа секторларды қалыптастыру;
- Ғылыми-технологиялық саясат, инновация, сервистік кластерді қалыптастыру мен кадр даярлау арқылы синергетикалық нәтижені дамыту.

14-слайд

Қазіргі уақытта Қазақстан мұнай қоры бойынша әлемде 12-ші орында, ал өндіру бойынша – 17-ші орында. Газ қоры бойынша 20-шы орындамыз және оны өндіруден 29-шы орындамыз.

Әлемдік жетекші сараптама ұйымдарының **соңғы болжамдары** көмірсутекке деген сұраныстың тұрақты өсуінің ұзақ мерзімді бағыты болып бекітілгенін көрсетеді. «Жеңіл алынатын мұнай» ғасырының аяқталуы салдарынан мұнайға деген баға жоғары деңгейде ұзақ мезгіл сақталады деген пікірлер басым.

Бұл жағдайларда мұнай-газ саласының рөлі өте маңызды болып қалады, бірақ өлшеулі және прагматикалық болуы тиіс.

Ағымдағы жылдың қаңтар айында Мемлекет Басшысына мемлекеттің мұнай-газ қорының өлшемдері бірнеше есе артуы мүмкін болатындығын дәлелдейтін геологиялық атлас ұсынылған болатын.

Атласта тәуелсіздік жылдары бойында Қазақстанның барлық он бес шөгінді бассейні бойынша біріктірілген және геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері талданған.

Сонымен бірге, осындай жұмыс тұрақты түрде жалғасуы тиіс. Оның өсу тиімділігі, біздің пікірімізше, жер қойнауын пайдалану құқығын беру жүйесін жетілдіру арқылы саланың инвестициялық тартымдылығын арттыру бойынша мемлекет шараларына ықпал етуі тиіс, оның ішінде:

- жер қойнауын пайдалану құқығын беру рәсімін оңайлату;
- учаскелерді геологиялық бағалаудың алдыңғы халықаралық тәжірибесі негізінде мамандандырылған алдын-ала зерттеулерді жүргізу;
- қорлардың, тәуекелдердің, инвестициялардың, аумақтың ауқымы, тереңдігі және т.б. бойынша учаскелерді іріктеу;
- Геологиялық барлау жұмыстарын белсенді жүргізуді ынталандыру тетіктерін қалыптастыру.

Саланың геологиялық барлау жобасы, әлемдегі жетекші мұнай-газ компанияларымен консорциум негізінде жүзеге асырылуы тиіс каспий ойпатын өңірлік зерттеулер бойынша **«Еуразия» жобасын** айқындауды білдіреді.

15-слайд

Мемлекет Басшысының тапсырмасына сәйкес Министрлік саланың технологиялық саясатын барынша белсендіруге ниетті.

Мұнай саласының технологиялық дамуының маңызды көрсеткіші болып мұнай шығару коэффициенті немесе **КИН** деп аталады.

Бірнеше жыл болды, Қазақстан мен әлемнің кейбір елдері арасында орташа КИН бойынша елеулі айырмашылық белгіленуде. Мәселен, қазіргі уақытта республикадағы бұл коэффициент шамамен 30%, ал бірқатар әлем елдерінде 50 және одан да жоғары пайызды құрайды. Бұл ретте, мұнай шығару коэффициентінің бір проценттік пункттегі өсімі Қазақстан

жағдайларында шығарылатын қордың 150 млн. тоннаға өсуімен теңеледі.

Әрине, елдегі кен орындарының ерекшелігімен, қиын алынатын жоғары тұтқырлы қорлардың артып келе жатқан көлемімен, күкіртті қышқылымен, игеру мерзімімен және т.б. байланысты объективті себептер де бар.

Біз көптен бері бұл мәселеге тиісті қадам жасамаған едік, бірақ енді Елбасының тапсырмасы бар.

Біздің ойымызша, тапсырмалардың сапалы орындалуы бірнеше басты компоненттерді қамтиды.

Біріншіден, көмірсутегі бойынша іргелі зерттеулермен қоса өндіру және бұрғылау технологиясының қолданбалы институтын және т.б. қамтитын **қазіргі ғылыми-зерттеу базасын қалыптастыру**. Министрлік мұнай шығару коэффициентінің өсу жүйесінің негізі болатын көмірсутектер кешенінің дамуына арналған Республикалық мамандырылған ғылыми зерттеу орталығын құруды ұсынады.

Екіншіден, мұнай шығару коэффициентін ұлғайтудағы **перспективалық жобалардың тобын анықтау**, оның ішінде Шелл компаниясымен бірлесе жасалған саланың технологиялық дамуының Жол картасын іске асыру қажет. Жол картасында бірнеше нақты міндеттер белгіленген. Мысалы: мұнай алуды арттыру тәсілдері арқылы игеруді оңтайландыру; мұнай өнімінің сулануымен күрес; геоақпараттық жүйені дамыту мен ұңғымаларды бақылау.

Үшіншіден, инновациялық технологиялар мен сервистік компанияларды қатыстыру үшін маңызды инженерлік-техникалық сұрақтар бойынша шетелдік және отандық мұнайгаз компаниялары **тәжірибе алмасатын мамандандырылған алаңдар** құру қажет. Министрлік «Казэнерджи» ассоциациясымен бірлесіп, тоқсан сайын жұмыс істейтін осындай алаңдарды құруға кірісті. Болашақта осы алаңдар жоғарыда атап кеткен мамандандырылған ғылыми зерттеу орталығы жанында жұмыс істей алатын болады.

Төртіншісі – сынақ полигондар жүйесін құрмай тұрып, **бұрғылаудың, барлаудың және өндірудің тиімді әдістерін енгізу** мүмкін емес.

Бесіншіден, мұнай шығару коэффициентін ұлғайтудағы жетістіктер үшін **арнайы ынталандыру шараларын бекіту** керек деп санаймыз. Олардың ішінде салықтық жеңілдіктер, келісімшарттардағы жеңілдетілген жағдайлар және жұртшылық арасындағы құрмет.

Алтыншы, **барлау және игеру жөніндегі Орталық комиссияның рөлін арттырып**, мұнайгаз кешеніндегі мемлекеттік инспекция Комитетінің қызметін жетілдіру керек деп ойлаймыз.

Сонымен, алдыңғы шепке шығуға батыл ауысу тек кешенді тәсілдер жағдайында ғана мүмкін болады. Бұдан басқа, өндіруші салалардың өздері басқа экономикалық секторлар үшін ғылымды қажетсінетін технологиялардың жеткізушілері бола алады.

16-слайд

Мемлекет Басшысының соңғы Жолдауындағы маңызды мәселенің бірі – **мұнай өндіру қуатын дамыту, оның ішінде төртінші мұнай өндіру зауытын салу** мәселесі болып табылады.

Қазіргі уақытта қазақстандық барлық мұнай өндіру зауыттарында жаңарту процесі жүргізілуде, аталған шара 2016 жылы аяқталатын болады. Нәтижесінде республика 2017-2022 жылдары бензинмен, дизель отынымен, Еуро-4 және 5 стандарты бойынша әуе керосинімен толықтай қамтамасыз етілмек.

Келешекте отандық мұнай өңдеу **мынадай аспектілердің жүйелік есебіне** қосылуы тиіс:

- басты түрде Теңіз, Қарашығанақ, Қашағанға байланысты мұнаймен қоректену;
- мұнай өнімдеріне сұраныстың аумақтық картасы;
- мұнай өңдеудің шығындары мен қажетті қосымша қуаты;
- ішкі нарықта бағаны белгілеу саясаты;

- интеграциялық процестермен орайлас қажеттілік;
- мұнай өнімдері экспортының мүмкіндіктерін шектеу;
- отынның альтернативті түрлерін, оның ішінде газ отыны, көмірхимия және т.б. дамыту;

Министрлік ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында барлық мүдделі тараптардан, яғни әкімдіктерден, компаниялардан, сараптамалық ұйымдардан, депутаттық корпустан және жеке азаматтардан келіп түскен ұсыныстар мен өтініштердің үлкен тобын қарады.

Талдау негізінде **Мемлекет басшысына ұсыныстар әзірленді, оны қарау қорытындысы бойынша жұмыстар жалғасын табады.**

Сондай-ақ, Министрлік тарапынан Қазақстанда мұнай өнімдерін нарықта реттеуді жетілдіру мәселесі қарастырылуда. Мәселенің көп факторлы екендігін ескере отырып, біздер беделді және тәуелсіз халықаралық сараптамалық ұйымдарды тартуды қарастырамыз.

17-слайд

Министрліктің ең маңызды іс-шараларының қатарында келешекте **газ саласын одан әрі дамыту** мәселесі тұр.

Халықаралық сарапшылардың болжамы ұзақ мерзімді перспективада бұл мәселенің жоғары перспективалы екенін, оның ішінде, газдың 2030-2040 жылдары әлемдік энергобаланста мұнаймен салыстырылмалы болатынын айтады.

Осыған орай, ағымдағы жылдың соңына дейін **Қазақстанның газ саласын дамыту тұжырымдамасы** әзірленеді.

Онда әлемдік трендтерге сәйкес сұйытылған газ секторы, сондай-ақ газдандырудың бас схемасы, ішкі нарықта тауарлық газға бағаны белгілеуді жетілдіру, келешекте өзара мемлекеттік органдар мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің жүйелеу рөлі мен қағидасы маңызды орын алмақ.

Бұл контексте **ағымдағы жылы** Министрлік Тауарлық және сұйытылған газдың шекті көтерме бағасын белгілеу ережесіне,

оның ішінде формуланы шығару бөлігіне өзгерістер мен толықтырулар енгізгенін **атап өткім келеді**.

Жер қойнауын пайдаланушыларға тауарлық газды сатып алу бағасы мемлекеттің басым құқығы шеңберінде 2014 жылдың соңына дейін сақталатын болады.

Шикі газды өңдеуге құндық коэффициентін қолданудың шығынын анықтау кезінде жер қойнауын пайдаланушылардың қызығушылығын шектеуге жол беретін өзгерістер әзірленуде. Осы шаралар бағаны белгілеу мәселелерін реттеуге және тауарлық газға бағаның тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталады.

Сондай-ақ Министрлік әр облыстың бірыңғай көтерме бағасын белгілеу жөніндегі Үкімет қаулысына мүдделі мемлекеттік органдармен келісу жұмыстарын жүргізуде.

18-слайд

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Министрлік ірі өндіріс кәсіпорындары төңірегінде **сервистік кластердің жүйесін белсенді қалыптастыру** мүмкіндігін қарастыруда.

Қазіргі уақытта саланың сервистік қызметін қиындықтың үш деңгейіне бөлуге болады.

Бірінші категорияға қалдықтарды пайдаға асыру, қауіпсіздік, тамақтану, коммуналдық сипат және оқыту сияқты төмен технологиялық қиындықтарды жатқызады. Мұнда қазақстандық компаниялар «ҚазМұнайГаз» желісі бойынша, сондай-ақ Теңіз, Қарашығанақ, Қашаған жобалары төңірегінде үстем позицияға ие.

Екінші категория – көлік, энергиямен жабдықтау, коммуникация, бұрғының қалдықтарын пайдаға асыру, инфрақұрылымдық құрылыс және логистиканы қоса алғанда, ол да қазақстандық қамтумен бірте-бірте өсуде.

Ену үшін әзірге қиын болып тұрғаны – үшінші категория. Бұл аса жоғары технологиялық қызметтер – инжинирингтік зерттеулер, монтаждау, іске қосылатын және кен орынның күкіртті сутегі үшін арнайы құрылғымен қызмет көрсету, ақпараттық технологиялар және т.б.

Бұл қатарды бізде ғана емес, дүниежүзінде Шлюмберже, Бейкер Хьюз, Флёр, Уорли Парсонс, Халлибертон және тағы басқа әлемнің бірқатар көшбасшы компаниялары иемденген.

Мемлекет басшысының Жолдауында бұл мәселе бірлескен кәсіпорындарды қалыптастыру арқылы ғана шешілуі мүмкін екендігі атап көрсетілді. Тек әлемнің алдыңғы қатарлы компанияларымен тікелей бірлескен жұмыс кезінде ғана технология трансферті, қазақстандық кадрлардың кәсіби біліктілігі, жеке тәжірибеге сынның артуы жүзеге асырылатын болады.

Министрлік ағымдағы жылы осы бағыттағы жұмысты жандандырмақ.

Құрметті депутаттар!

Мұнай және газ министрлігінің өткен жылғы қызметінің қысқаша негізгі қорытындысы мен болашаққа деген бағыттарының реті осындай.

Назарларыңызға рақмет!

Енді Сіздердің сауалдарыңызға жауап беруге дайынмын.